

**"2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина
Министрлер Кабинетінің арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 915 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина
Министрлер Кабинетінің арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2000 жылғы 19 мамырдағы
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинетінің
арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

Астанада 2010 жылғы 7 сәуірде жасалған 2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинетінің арасындағы
азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу
туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Украина Министрлер Кабинетінің арасындағы азаматтардың өзара
сапарлары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
хаттама**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Украинаның Министрлер Кабинеті,
2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина
Министрлер Кабинетінің арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімде,

бұдан әрі - «Келісім», көзделген екі мемлекет азаматтарының өзара сапарларының режимін одан әрі реттеу мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 1-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары шетелге жол жүру үшін жарамды құжаттарының негізінде баратын мемлекеттің мемлекеттік шекарасын бірінші рет кесіп өткен күнінен бастап бір жүз сексен (180) күн ішінде тоқсан (90) күнге дейінгі мерзімде екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келе алады, транзитпен өте алады, кете алады және бола алады.».

2-бап

Келісімнің 1-бабы мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:
«3. Егер мұндай болу мерзімі екінші Тарап мемлекетінің аумағына бірінші рет келген күнінен бастап бір жүз сексен (180) күн ішінде тоқсан (90) күннен аспайтын болса, оларда осы екінші Тарап мемлекетінің аумағына кірген кезде шекаралық бақылау органдарының белгісі қойылған көші-қон карточкасы болған жағдайда, бір Тарап мемлекетінің азаматтары өзара негізде осы екінші Тарап мемлекетінің аумағына, құзыретті органдарда тіркелуден босатылады.».

3-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және дипломатиялық арналар арқылы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісіммен бір мезгілде күшін жояды.

2010 жылғы 7 сәуірде Астана қаласында әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда, Тараптар Хаттаманың орыс тіліндегі мәтініне жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украинаның Министрлер

Кабинеті үшін

2010 жылғы 7 сәуірде Астана қаласында жасалған 2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинетінің

арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық департаментінің
Басқарма бастығы *Д.Есентаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК